

## САЯСИ ТҰРАҚТЫЛЫҚ АЗАМАТТЫҚ ЖАУАПКЕРШІЛІКТІ АРТТЫРАДЫ



Теміржан ІЗТЛЕУОВ,  
Жамбыл ауданы әкімдігі  
ішкі саясат бөлімінің  
басшысы.

Аудан әкімдігі ішкі саясат бөлімінің негізгі миссиясы мемлекеттік саясатты түсіндіру мен насихаттау, қоғамдық-саяси тұрақтылыққа мониторинг жүргізу, азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қамтамасыз ету жөніндегі мемлекеттік саясатты жүзеге асыру болып табылады. Бөлім қызметкерлері мемлекеттік ақпараттық саясатты жүргізуге, мемлекеттік рәміздерге құрметпен қарауды қалыптастыруға, этносаралық келісімді сақтау мен нығайтуға, мемлекеттік органдардың азаматтық қоғам институттарымен өзара іс-қимылын жетілдіруге ден қойған. Патриоттық сана-сезімді, азаматтық жауапкершілікті арттыру, белсенді қоғамдық көзқарасты қалыптастыру, жастар бастамасын дамыту да негізгі міндеттер қатарында.

Бөлімге заңды және жеке тұлғалардан түскен өтініштерге Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексінің талаптарына сәйкес жауаптары беріліп тұрады. Сондай-ақ, жеке қабылдауға келген тұлғалардың өтініштері қанағаттандырылады. 2025 жылы бөлімде 263 кіріс, 95 шығыс құжаттары рәсімделген. Құжат айналымы мерзімдерін бұзу фактілері орын алған жоқ.

Ауданда әлеуметтік наразылық тудыратын проблемалық мәселелер бойынша тұрақты мониторинг жүргізілуде. Медиа-кеңістікте тұрғындардың көтерген проблемалық мәселелері бойынша тұрақты мониторинг өткізіліп, бекітілген алгоритмдерге сәйкес әрекет жасалуда. Мониторингтік жұмыстар аясында анықталған қоғамдық тұрақсыздыққа алып келуі мүмкін мәселелер қауіп-қатерлер қартасына енгізілген.

Ақпараттық саясат – мемлекеттік органдардың қоғамдағы ақпараттар желісін дамытуға бағытталған реттеушілік қызметі. Мемлекет өзінің экономикалық, әлеуметтік-саяси, ұлттық мүдделеріне сәйкес ақпарат саясатын ұстанады. Ақпараттық саясат қоғамның мүдделі мұрағаттарына жол бастайды.

→ 2



ЕҢБЕК  
ҚАУІПСІЗДІГІНЕ  
КІМ ЖАУАПТЫ?



БАЛАЛАРҒА  
ҚУАНЫШ  
СЫЙЛАДЫ

→ 3

→ 4

### КОНКУРС

## ҮЗДІК УЧАСКЕЛІК ПОЛИЦИЯ ИНСПЕКТОРЫ АНЫҚТАЛДЫ

Жуырда «Үздік учаскелік полиция инспекторы» конкурсының бірінші сатысы – аудандық кезеңі ұйымдастырылды. Аудан әкімдігінің үлкен залында өткен іс-шараға аудан әкімінің уақытша міндетін атқарушы Нұрлан Несіпбеков, аудандық Қоғамдық кеңестің төрағасы Рүстем Бегалиев, аудандық полиция бөлімінің, аудан әкімдігінің, аудандық мәслихаттың, аудандық ардагерлер кеңесінің, «Аманат» партиясы аудандық филиалының өкілдері және аудан жастары қатысты.

Аружан КҮНТУБАЙ

Жиынды жүргізген Нұрлан Күдербайұлы конкурстың маңыздылығына тоқталды.

– Бүгін біз сіздермен Полиция департаментінің «Үздік учаскелік полиция инспекторы» конкурсының аудандық кезеңінде – аудандық полиция бөлімінің учаскелік полиция инспекторы, кәмелетке толмағандар ісі жөніндегі полиция инспекторы қызметкерлері арасында «Үздік маман» атағына байқау-конкурсанда бас қосып отырмыз. Кілең сайыпқыран сақшылар бақ сынапты бұл конкурстың қоғамдық тәртіпті нығайтуға, халық тыныштығын күзетуге үлес болып қосылатынына сенім білдіреміз.

Баршаныңға белгілі, Қазақстан полициясы, оның ішінде учаскелік инспекторлар – қоғамдағы құқықтық тәртіпті, азаматтардың қауіпсіздігін қамтамасыз ететін аса маңызды құрылым. Өте жауапты әрі қатерлі қызметті қаймықпай атқарып жүрген жігіттерге ризашылығымызды білдіргім келеді. Олар – нағыз айбынды, мәртебелі мамандық иелері. Небір қиын сәттерде халыққа қорған болған азаматтарды аса қадірлейміз, ерен еңбегін



бағалаймыз. Білімді де білекті, батыл да жүректі, қайратты да қайсар инспекторларды қашанда мақтан етеміз.

Әрдайым тұрғындардың арасында, қауіпті оқиғалардың бел ортасында жүрген учаскелік полиция инспекторларының бүгінгідей конкурсында кез келген оқиға жағдайға дайын тұратын қызметкерлерді көріп отырмыз.

Бұл конкурс учаскелік полиция инспекторларының кәсіби шеберлігін, қызметтік тәртіпті сақтауын және халықпен өзара әрекеттесу деңгейін арттыруға бағытталып отыр. Мақсат – сақшылардың беделін көтеру, халықтың ішкі

істер органдарына деген сенімін нығайту, үздік тәжірибелерді аймаққа тарату. Бүгін қоғамдық тәртіпті сақтау, қылмыстың алдын алу бағытында қалтқысыз қызметімен көзге түсіп жүрген үздік инспекторлар анықталып, марапатталатын болады, – деді ол.

Келесі кезекте сөз алған аудандық полиция бөлімі бастығының орынбасары Нүркен Төлеушов конкурс ережелері, шарттары мен тәртібі, бірінші кезеңінің қалай өткені туралы баяндама жасап, қатысушыларға әділ бағасын беретін қазылар алқасы құрамымен таныстырды.

→ 3

### ДЕПУТАТ ЖӘНЕ ХАЛЫҚ

## ӘЛЕУМЕТТІК МӘСЕЛЕЛЕР БІРЛЕСЕ ШЕШІЛЕДІ

Халықтың мұң-мұқтажын тыңдап, түйінді мәселелерін шешудің бірден-бір жолы – тұрғындармен тікелей кездесу. Жердің нәрі – ырыста, елдің сәні – тыныста. Ал елдің тынысын тап басып тыңдай білу – нағыз халық қалаулыларының басты міндеті.

Жуырда аудандық мәслихат төрағасы Мұхтар Шайдаевтың қатысуымен сегізінші шақырылған аудандық мәслихат депутаты Дамира Дармағанбетова Жасөскен және Гродеково ауылдарының тұрғындарын жеке сұрақтарымен қабылдады.

Жасөскенде ауыл тұрғыны Айнабек Нұрбала балалардың қауіпсіздігі мен бос уақытын тиімді ұйымдастыруға қатысты өзекті мәселе көтерді.

– Мен №1 мектеп-гимназияның маңында тұрамын. Бізде балаларға арналған ойын алаңы жоқ. Балалар бос уақытында көшеде, автокөліктер өтетін жол бойында ойнап жүреді. Бұл өте қауіпті. Сонымен қатар, мектеп пен балабақшадан қайтқан балалар жаяу жүргіншіге арналған жолсыз, көліктермен бірге бір жолда жүріп келеді. Жазатайым оқиғалар бола ма деп алаңдаймыз. Сондықтан, ойын алаңы мен тротуар салып берілсе деген өтінішім бар, – деді ол.

Халық қалаулысы: «Бұл мәселе бойынша ауыл әкімдігімен және аудан әкімдігі сәулет, қала құрылысы және құрылыс бөліміне ұсыныс жасаймын. Тротуар мәселесі де өте өзекті. Әсіресе мектеп пен балабақша маңында қауіпсіз жүргінші жолы болуы тиіс. Осы екі мәселе де тиісті комиссия арқылы зерделеніп, аудандық бюджеттік комиссия отырысына ұсыныс ретінде енгізілетін болады, – деп ресми депутаттық сауал жолдайтынын айтты.



Ал Гродеково ауылында өткен қабылдауда бірнеше тұрғын күнделікті өмірде кездесетін нақты мәселелерді ашық көтеріп, шешу жолдарын сұрады. Қабылдауда сөз алған ауыл тұрғыны Ирина Веловуева Ақбұлақ көшесінде кешке қарай жүру мүмкін емес, тіпті көшеде жарық бағдарламалары жоқ екенін айтты. Жасөспірімдер мен егде жастағы адамдар кешкі уақытта сыртқа шығудан қорқатынын, сонымен қатар ауыл маңында қаңғыбас иттердің көбейіп кеткенін жеткізді.

– Көше жарығы – тұрғындардың жайлылығы мен қауіпсіздігі үшін аса маңызды. Бұл бағытта аудан әкімдігі тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімімен, сондай-ақ «Жарық» мекемесімен бірлесіп жұмыс жүргіземіз. Сіздің өтінішіңіз бойынша нақты мекенжай көрсетілген депутаттық сауал жолданады. Қаңғыбас иттер мәселесіне келсек, бұл ветеринарлық қызметтің құзырындағы шаруа. Мен

ветеринария бөліміне арнайы хат жолдап, ауыл әкімдігімен бірлесіп, шұғыл шара қолдануды сұраймын, – деді Дамира Болатқызы.

Қабылдауда ауыл тұрғыны Камал Узукалиев ауылдың орталық көшелерінде аялдамалар жоқ екенін, қоғамдық көлікпен қатынайтын тұрғындар, оқушылар мен зейнеткерлер жаңбыр мен күн астында тұрып көлік күтетінін жеткізді. Осыған аялдама орнату қарастырылса деген өтінішін айтты.

Тұрғынның өтінішіне жауап берген депутат:

– Бұл ұсынысты ауыл әкімдігімен бірге қарап, қоғамдық көлік бағыттары мен адамдар жиі шоғырланатын жерлерге аялдама қою мүмкіндігін қарастырамыз. Қажет жер телімдері мен техникалық шарттар бекітілген соң, құрылыс жұмыстары басталуы мүмкін, – деп барлық ақпараттар мен дәйектерді түсіндірді.

Аружан СӘКЕНҚЫЗЫ

### ЖЕР-2025

Шілде шіліңгір ыстығымен ғана емес, сақтық пен сын сағатына толы сәттерімен де есте қалады. «Сақтықта қорлық жоқ» дейді дана халқымыз. Қауіптің алдын алу – қауіпсіз болашақтың кепілі. Ауданда төтенше жағдайлар кезіндегі әрекеттерді пысықтауға бағытталған кешенді «Жер-2025» республикалық командалық-штабтық оқу-жаттығуы өтті. Іс-шарада жер сілкінісі жағдайында әрекет ету, тұрғындарды қауіпсіз жерге көшіру, алғашқы медициналық көмек көрсету сынды маңызды бағыттар қамтылды. «Жау жағадан алғанда, бөрі етекпен» демекші, төтенше жағдайлар ешқашан ескерту жасап келмейді. Сондықтан дайындық басты міндет болуы тиіс.

## ТОСЫН СӘТКЕ – ТОСҚАУЫЛ ДАЙЫНДЫҚПЕН



Оқу-жаттығу бірнеше кезеңге бөлініп, әр бағытта нақты әрекеттер пысықталды. Оған аудан әкімдігі, төтенше жағдайлар қызметі, медицина, ішкі істер, санитария, білім беру мен байланыс саласының мамандары жұмылдырылып, ортақ іске жұмылған жұдырықтай күш көрсетті.

Оқу-жаттығу аудандық орталық

→ 4

Соңы. Басы 1-бетте

# САЯСИ ТҰРАҚТЫЛЫҚ АЗАМАТТЫҚ ЖАУАПКЕРШІЛІКТІ АРТТЫРАДЫ

Мемлекеттік ақпараттық саясатты жетілдіру аясында аудан тұрғындарының әлеуметтік оптимизмін қалыптастыру шаралары тек электронды ақпарат құралдары арқылы ғана емес, баспа ақпарат құралдары арқылы да жүргізілуде.

Ауданның тыныс-тіршілігі жайында республикалық газеттер мен телеарналарда тұрақты түрде материалдар жариялануда. Олардың жалпы саны – 261.

Бізде арнайы мониторинг жүргізілетін публіктер мен жеке парақшалардың тізімі жасалған. Сол тізімге сәйкес әр сағат сайын арнайы мониторинг жүргізіліп отырады. Таяуда ішкі саясат бөлімі жанындағы аудандық «Ақпараттық медиа орталығында» ақпаратты жинау мен өңдеудің заманауи цифрлық технологиясы орнатылды. Бұл жүйе БАҚ, әлеуметтік желілер, блогтар және веб-ресурстарына тұрақты түрде талдау жасап, бақылап отырады. Сонымен қатар жақында орталық ішінен «Баспасөз алаңы» өз жұмысын бастады. Бұл алаңда үш түрлі локация қарастырылған: жасыл фон, кара фон және подкаст үстелі.

Ақпараттандырудың бір саласы – сыртқы көрнекі ақпарат құралдары. Қазір аудан аумағында 105 сыртқы көрнекі ақпарат құралдары орнатылған.

Қазақстан Республикасының «Жарнама туралы» заңына сәйкес билбордтық конструкцияларға, ғимараттардың сыртқы жақтарына орналастырылған жарнама объектілерінің меншік иелері немесе сыртқы жарнама объектілеріне өзге заттай құқықтары бар тұлғалар жарнама объектілерін тиісінен эстетикалық, санитарлық және техникалық жай-күйде ұстап тұруды міндетіне алған.

Ендігі кезекте аудан орталығынан бастап кезек-кезеңімен барлық округтердің орталықтарында заманауи үлгідегі LED экрандарды орнату көзделіп отыр. Осылайша бекітілген үлгідегі ақпараттық құралдарды лезде әрі ұзақ мерзімге орналастырып, контенттің түрлілігін қамтамасыз етуге болады.

Әрбір басылым – ұлттың мерейі, мәртебесі. Қағазға түскен таңба ешқашан жойылмайды. Халқымызға тәрбие, рухани дүние кай кезде де керек. Мемлекеттік саясатты насихаттап, елдіктің сөзін сөйлейтін, шындықтың алауын жағатын басылымдар қоғамды дамытудың бір тетігі болып қала береді. Сол себепті мерзімді баспасөзге жазылу өңірде жүйелі жолға қойылған.

Этносаралық келісім – ел дамуының өзегі. Өзара ынтымақтың арқасында қоғамның барлық азаматы мойындаған ортақ құндылықтар мен қағидаттар жүйесіне негізделген ұлт бірлігіне жетіп отырмыз.

Бүгінде аудан тұрғындарының 16 пайызын өзге этнос өкілдері құрайды. Өзге этнос өкілдері (күрділер) тығыз шоғырланған елді мекендер қатарында Гродеково және Қызылқайнар ауылдары тұр. «Барбанг» күрді этномәдени бірлестігі 2003 жылы құрылған. Құрамында 15 мүшесі бар.

Жамбыл облысындағы этностар тығыз орналасқан елді мекендердің картасына сәйкес, өзге этнос өкілдері тығыз шоғырланған 2 елді мекен бойынша паспортты жасақталуы, ішкі саясат бөлімінің және әр округтен бір маманнан бекітілген.

Ағымдағы жылдың 6 айында

этносаралық татулық пен рухани келісімді сақтау мақсатында 115 іс-шара өткізіліп, 1800-ден астам тұрғындар қамтылған және аудандық газетте 6 мақала, ресми әлеуметтік желілерде 200 пост жарияланған. Тақырыптық 18 көрнекі құралдар орнатылған.

Ағымдағы жылы этносаралық келісімді нығайту мақсатында Алғыс айту күні, Қазақстан халқының бірлігі күні, Рухани келісім күні мерекелері барлық елді мекендерде аталып өтті.

Қоғамдық ұйымдар – қоғамның қозғаушы күші. Азаматтық қоғамды дамыту және үкіметтік емес ұйымдармен өзара қарым-қатынас орнату бағытында жүйелі жұмыс атқарылууда.

Бүгінде Жамбыл ауданында әртүрлі әлеуметтік қызметтер көрсетерін 27 үкіметтік емес ұйым әрекет етеді. 2025 жылға 5 млн теңгеге 5 әлеуметтік жоба жоспарланған. Жобаларды жариялау жұмыстары уақытында жүргізілуде. Жобалар бойынша аудандағы діни тұрақтылықты нығайту мақсатында білікті теологтарды, дінтанушыларды және азаматтық қоғам белсенділерін тарта отырып, аудан аумағында деструктивтік ағымдармен ақпараттық-түсіндіру, оңалту жұмыстарын жүргізу; Отбасы институтын нығайту; Жастар арасында салауатты өмір салтын қалыптастыру, лудомания және есірткі бизнесі мен нашақорлықтың алдын алуға бағытталған іс-шаралар өткізу; қоғамда сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыруға бағытталған іс-шаралар қаралған.

Мемлекет пен дін бірлігі, халықтың мемлекетке де, дінге де сенімі діни ахуалды тұрақтандырады. Бүгінде діни сананы елдің басын біріктіріп, мәдениеті мен дәстүрінің тірегіне айналдыру, дін мен тәрбие үйлесіміне көл жеткізу – ел дамуының ізгілігі мол шапағатты жолы.

Ауданда 26 мешіт ресми мемлекеттік тіркеуден өткен. Олардың барлығында діни қызметкер бар.

Аудан тұрғындарының діни сауаттылығын арттыру және Қазақстан Республикасының дін саласындағы мемлекеттік саясатының 2024-2028 жылдарға арналған тұжырымдамасын орындау мақсатында дін саласында аудандық ақпараттық-түсіндіру тобы құрылған. Топ құрамындағы 10 адамның екеуі дінтанушы/теолог маман.

Аталған топ құрамында аудан әкімдігі ішкі саясат бөлімінің қызметкері, діни бірлестіктер мен үкіметтік емес ұйымдардың өкілдері, этно-мәдени бірлестіктер мен ардагерлер кеңесінің өкілдері және облыс әкімдігінің «Дін проблемаларын зерттеу орталығының» Жамбыл ауданы бойынша инспекторы бар.

Сонымен қатар, әр ауылдық округте мобильдік топтар құрылып, жоспарлы түрде жұмыс атқаруда. Аталған топтардың құрамында ауылдық округ әкімінің бас маманы, ауыл имамы, тарих пенінің мұғалімі, этно-мәдени бірлестіктер мен ардагерлер кеңесінің өкілдері бар.

Салада ақпараттық-түсіндіру шаралары аясында түрлі форматтағы іс-шараларға 5 мыңнан астам тұрғын қамтылған. Тақырыптық 13 билборд орнатылған.

Елдік пен егемендікті паш ететін Мемлекеттік рәміздер – ұлттық мақтанышымыз. Отансүйгіштік, адамгершілік асыл қасиеттер, халыққа адал қызмет ету осы айшықтарды

кәсірлеп, құрметтеуден басталады.

Ауданда 170 Мемлекеттік Ту, 464 Мемлекеттік Елтаңба орналастырылған. Мемлекеттік рәміздерді қолдану Конституциялық Заңмен, Үкіметтің 2 қаулысымен және ҚР Мәдениет және спорт министрінің бұйрығымен, 2 мемлекеттік стандартпен реттеледі. ҚР Мемлекеттік рәміздерін насихаттау және нормативтік құқықтық деңгейде қолданылуы бойынша тақырыптық дөңгелек үстел отырыстары, автошеру, велошеру, конференция, акциялар ұйымдастырылып тұрады. Ағымдағы жылдың 6 айында ҚР Мемлекеттік рәміздерін насихаттау және нормативтік құқықтық деңгейде қолданылуы бойынша 67 іс-шара ұйымдастырылды және тақырыптық 8 көрнекі құрал орнатылды.

Бил мемлекеттік рәміздердің орналастырылуы және пайдаланудың заң талаптарына сәйкестігін анықтау мақсатында облыс әкімдігінің ақпарат және қоғамдық даму басқармасы және аудан әкімдігі ішкі саясат бөлімі тарапынан зерделеу жұмыстары жүргізілді.

Ауданда мемлекеттік, ұлттық және кәсіби мерекелер мен атаулы күндерге арналған ауқымды іс-шаралар жоспары бекітілген. Жыл ішінде Ұлы Жеңістің 80 жылдығы, Қазақстан Республикасы Конституциясының 30 жылдығы аясында, сонымен қатар, Мемлекет басшысының Жарлығымен 2025 жыл «Жұмысшы мамандықтары жылы», облысымызда облыс әкімінің бастамасымен «Әулиеата – кітап оқитын өңір» деп белгіленуіне орай аудан аумағында ұйымдастырылатын шаралардың идеологиялық мән-мазмұны жоғарыда аталған атаулы күндерге бағытталуда.

Медиа-жоспарға сәйкес аудан көлемінде еңбек адамдары насихатталып, олардың беделін арттыру мақсатында жыл басынан 21 баннер, 42 бейнеролик дайындалып, әлеуметтік желілерде таратылып, жұмысшы мамандары туралы 21 сюжет облыстық телеарналарда көрсетілді. Аудандық «Шұғыла-Рауда» газетінде 28 мақала жарияланды.

Ұлы Жеңістің 80 жылдығына орай 33 ірі іс-шара жоспарланған, соғыс ардагерлеріне теңестірілген тұлғаларға ерекше құрмет көрсетіліп, мерекелі медальдар табысталып, бір реттік материалдық жәрдем жасалды. Іс-шаралар қатарында аудандық ғылыми-практикалық конференция, тый еңбеккерлерін қолдауға арналған қабырғалық акциясы, жастар шеруі, әскери-патриоттық әндер байқауы, балалар мен жасөспірімдер арасында сурет салудан облыстық байқау, тарихи-танымдық кездесулер мен сұхбаттар, мәдени-көпшілік, әскери-патриоттық іс-шаралар бар.

Қазақстан халқы Ассамблеясының 30 жылдығына арналған іс-шаралар да мазмұндылығымен ерекшеленді.

Ұлыстың Ұлы күні – Наурыз мерекесін тойлауға қатысты өткен іс-шараларға өңір тұрғындары белсене қатысты. Наурызнаманың онкүндігіне бағдарланған ұлттық ойындар, мәдени-көпшілік іс-шаралар жергілікті жұртшылықтың есінде қалғаны анық.

Мұндай игіліктер алдағы уақытта да сәтіммен жалғаспақ. Бөлім мемлекеттік саясатты халыққа ұғындыру мен насихаттау, қоғамдық-саяси тұрақтылықты қамтамасыз ету жолында қызмет ете бермек.

## Дадабаев Серік Ералыұлы



Ауданымыздың абзал азаматы, мемлекеттік қызмет ардагері, Жамбыл аудандық сайлау комиссиясының төрағасы **Дадабаев Серік Ералыұлы** 64 жасқа қараған шағында өмірден өтті.

Ол 1962 жылы 22 мамырда Талас ауданында дүниеге келді. Еңбек жолын 1984 жылы Қазақ политехникалық институтын «инженер-құрылысшы» мамандығы бойынша аяқтай салысымен Талас ауданы «Ойық» совхозының құрылыс бөлімінде бастады. 1992-2000 жылдар аралығында «Силикат» ЖШС директоры, Талас ауданының бас сәулетшісі, «Серік» шағын кәсіпорнының директоры, 2000-2023 жылдары Сарысу ауданы әкімі аппаратының әскери жұмылдыру және төтенше жағдайлар жөніндегі бас маманы, Сарысу ауданы әкімі аппараты басшысының міндетін атқарушы, Жанатас қаласының әкімі, Жуалы ауданы Б.Момышұлы ауылының әкімі, Талас ауданы әкімінің орынбасары, Талас аудандық аумақтық сайлау комиссиясының төрағасы, 2023 жылдан бүгінге дейін Жамбыл аудандық аумақтық сайлау комиссиясының төрағасы қызметтерін атқарды.

Барлық қызметті абыроймен атқарған ол адамшылықтың ақбоз атымен мұратты жол үстімен жүріп өтті. Жігерлі де намысқой, елім деп таққа қонаған, халқым деп атқа қонаған атпал азамат еді. Ақылы мен қайратын тең тұтынған ұлағат несіннің кісілік шынайы келбеті, қан мен сүйекке қатар сіңген адалдығы барлық жерде байқалып тұратын. Білікті басының ел ырысын еселеуге қосқан үлесі өлшеусіз. Қашанда жасампаз істің байыбына барып, парқын танытын, ақ сөйлеп, ақиқатын айтатын. Сонысымен де бедел биігіне шықты, халық қадірлісі атанды.

Абырой-атақты ешкімнен сұрап алмаған көңілі таза, ниеті түзу, адами ізгі қасиеттері кемел айтулы азаматтың нұрлы бейнесі бәріміздің жүрегімізде аяулы қалпында сақталады. Марқұмның отбасына қайғырып көңіл айтамыз. Бақи дүниеде жәннат мекенінен жай нәсіп етсін. Жаны нұрда болсын...

**Е.ҚЫДЫРАЛЫҰЛЫ, М.ШАЙДАЕВ, Р.БЕГАЛИЕВ, Н.НЕСІПБЕКОВ, М.ДОСЫМБЕКОВА, С.СЕЛЕУБАЕВ, Б.СЫРЛЫБАЕВ, Т.ӘБДІБЕКОВ, Б.ҚАЛШЫМБЕТОВ, Т.БӨЛЕКБАЕВ.**

ӨТТІҢ, ДҮНИЕ!

## Қош бол, Серік аға!

**Өмірдің өткініші екенін, уақытша жүрген жолаушы екенімізді сезінуге тиіспіз. Сезініп те жүрміз. Дегенмен, жалған дүниені шуағымен жылытып тұратын жақсы адамдарды көргенде фәнидің ең мазмұнды шақтарын бастан кешкендей боласыз. Жалған дүниені де жақсы адамдар жылытады. Сондай көңілі таза, жайдары азаматтың бірі сіз едіңіз, Ералыұлы Серік аға!**

Біре жыл бұрын Жамбыл ауданының орталығы Аса ауылына қызмет бабымен ауысып, бұл ауданға да құрметті бола бастап едіңіз. Сізді үлкен-кішінің баршасы сыйлаушы еді. Сайлау комиссиясындағы жұмысыңыз сапалы еді, аға! Сіз 4 ауданда жемісті қызмет атқарған мемлекеттік қызметіңіз ретінде де бағаны жоғары маман едіңіз.

Біз үшін «Дадабаев» деген фамилия өте ыстық. Әкем, анам, бауырларымыздың барлығына бұл фамилия бағалы еді. Себебі, 1980-1990 жылдары біз тұрғыны болған Талас ауданы «Ойық» кеңшарын Ералы Дадабаев деген кісі басқарып еді. Кеңшар директоры ретінде де елдің құрметіне бөленген Ерекең кейіннен 5 жылға жуық Талас аудандық партия комитетінің бірінші хатшысы, кейіннен аудан әкімі қызметтерін де абыройлы атқарған болатын. Сіз сол кісінің үлкен баласы едіңіз. Халыққа жақын директор болған соң, екеніз жайлы бүкіл ақпараттар кеңшар тұрғындары үшін маңызды еді. Ол өз алдына белек әңгіме.

Сізбен жақынырақ танысқаным 2006 жыл. Сіз ол уақытта Жаңатас қаласының 3 жыл әкімі болып істеп, Жуалы ауданы Б.Момышұлы ауылдық округінің әкімі қызметіне ауысқан едіңіз. Ол кезде Ералы Дадабаев көкеміздің ортамызда жүрген кезі. Ақсақалға сәлем бере барғанымда «Серік деген балам Жуалы ауданында округтік әкімі» деп мақтанышпен айтып отыратын. Сол жылдары өзіңіз де облыстық «Ағ-Ай» жастар газетінің редакциясына келіп тұрушы едіңіз. Мүмкін сол кездегі бас редактор Болат Бекжанмен сөйлесеу үшін, бәлкім басқа шаруалар шығар. Әйтеуір 2-3 мәрте өзім қызмет ететін редакциядан сізді көргенмін. Сол кезде округ әкімі қызметі қандай болады деп сұрағанмын. Сіздің жауабыңыз да ерекше шықты: «Былай қараған кісіге ауылдық округ әкімі деген әшейін жүрген адамдай көрінеді. Ал, негізі оның жұмысынан ауыр жұмыс жоқ. Жауапкершілігі жоғары, билігі аз. Шапқылауы көп, рақметі жоқ жұмыс» деп едіңіз. Кейінірек ұзақ жыл газет саласында істей жүріп, талай округ әкімдерімен жүздестік, жұмыстарын көрдік. Сол кезде сіздің пікірдің растығына көзім жетіп еді.

2008 жылы Талас ауданы әкімінің орынбасары қызметіне тағайындалдыңыз. Яғни, аудан әкімінің құрылыс, жол, тұрғын үй мәселелері бойынша орынбасары болып, кезінде екеніз басқарған өңірге қызмет жасауға кірістіңіз. Бакандай 12 жыл осы қызметте жүрдіңіз. Аудан әкімінің орынбасары деген де алашапқын, шеті мен шегі жоқ жұмыс қой. Сіз сол ауырлыққа да, қарбаласқа да төздіңіз. Ауданда құрылыс саласы қарқынды жүріп, сол жылдары жүздеген отбасы пәтерлі болды. Жол, көпір, мектеп

салы жұмыстары да қарқынды жүрді. Бір сөзбен айтқанда, Таластағы 12 жылыңыз жемісті де абыройлы өтті десек, қателесе қоймаспыз.

2016 жылдың басы болу керек. Ол кезде сіздің әкеңіз, бәріміз үшін құрметті Ералы Дадабаев ақсақал өмірден озып кеткен. Облыстық «Гұмыр-дария» газетінің бас редакторы Жаңабай Миллионовпен келісіп, «Жақсы бір адам...» деген айдарды сол Ералы ақсақалдан бастадық. 250 жол көлемінде «Дадабаев даңғылы» деген мақала «Гұмыр-дария» газетінде «жарқ» ете қалған. Үлкен мақала шығуын шықты. Мен өзім «Кім оқиды дейсің. Ералы ақсақал болса өмірден озып кетті» деп ойлап жүргенмін. Бір күні ұялы телефоным әндетіп қоя берді ғой. Сіз екеніз қонырау шалған. «Інім айналайын, «Дадабаев даңғылы» мақаласын оқыдым. Анама да оқып бердім. Әкеміз жайлы мақалаға бәріміз қуандық. Саған Әсет ағамыз сәлем айтып жатыр. Жақында ағамыздың 70 жылдықты тойы. Соған сізді құрметпен шақырамыз» дедіңіз. Қуанып қалдым сонда. Әсет ағамыздың тойына бардым. Әсет апамызда да сол кездегі ықыласы ерекше болды.

Талас ауданына барған сайын өзіңізге кіріп амандасушы едім. Реті келіп жатса ауылдарды аралап қайтуға көлік те тауып беруші едіңіз. Таластықтар сіз жайлы тек жақсы пікір айтушы еді. Сол пікірді қалыптастырып жақсы жұмыс істеген өзіңіз ғой. Сайлау комиссиясын да жақсы басқардыңыз. Жамбыл ауданындағы жұмысыңыз да жақсы жүріп келе жатыр еді, аға!

Жақында қызыңыз өмірден озды. Бара алмай қалып едім. Енді өзіңіздің қазаныңыз естіп есеніреп отырмын. Бауырларыңызға қайғырып көңіл айтамын. Сіздің орныңыз бөлек еді Серік аға! Аман қанша? Алла сізді рахымына бөлесін! Жатқан жеріңіз жайлы, топырағыңыз торқа болғай!

Шешімдердің бәрі сізге жөн Алла-ай, Тұрмын бірақ ешбір байыз таба алмай. Тұрлауы жоқ мынау жалған фаниден, Серік аға өтті деуге енесі алмай.

Мыңдаған жан айтып жатыр дұғасын, Жүздеген шын жанашырлар жыласын. Жақсылардың биіктеп кеткен бағасын, Өмірден озған сәттерінде ұғасын.

Жан едіңіз парасатты, зиялы, Аға, сізді кім бағиға қияды. Аман қанша Жаның болсын Жәннатта, Қош, жақсы адам, асылдың алтын тұяғы!

**Есет ДОСА.Ы, ақын, Мәдениет саласының үздігі.**

Соңы. Басы 1-бетте

## ҮЗДІК УЧАСКЕЛІК ПОЛИЦИЯ ИНСПЕКТОРЫ АНЫҚТАЛДЫ

– Баршаныңа белгілі, 2025 жылдың 23 маусымында Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың қатысуымен өткен құқық қорғау органдарының кеңейтілген алқа мәжілісінде учаскелік инспекторлардың имиджін көтеру және азаматтардың полицияға деген сенімін нығайту, тұрғындарға жан мен тәртіп қағидасын ұстануды насихаттау және басқа өзекті мәселелерді атап өткен болатын.

Осыған орай бүгін ауданымызда «Үздік учаскелік полиция инспекторы және Үздік көмелет жасқа толмағандардың ювеналдық учаскелік полиция инспекторы» конкурсы Жамбыл ауданы әкімдігінің қолдауымен ұйымдастырылып, үздіктер іріктелу үстінде.

Бүгінгі конкурстың мақсаты аудандағы ең үздік учаскелік инспекторды анықтап, оны лайықты марапаттап, материалдарын облыстық комиссияның қарауына жолдау болып табылады.

Конкурс учаскелік полиция инспекторларының, көмелетке толмағандар ісі жөніндегі учаскелік полиция инспекторларының кәсіби шеберлігін жетілдіру, олардың шығармашылық әлеуетін ашу, бастаманы дамытуды; қызметкерлерді қызметтік міндеттерді сапалы және тиімді орындау пайдасына қосымша ынтыластық; неғұрлым кәсіби сауатты, құзыретті қызметкерлерді анықтауды; жеке құрам арасында

зандылық пен тәртіпті нығайтуды; төтенше жағдайларда қызметтік міндеттерді орындау бойынша тұрақты дағдыларды қалыптастыруды; кадрларды тәрбиелеу мен оқытудың он нысандары мен әдістерін анықтау және таратуды; учаскелік полиция инспекторы, көмелетке толмағандар жөніндегі учаскелік полиция инспекторы мамандығының беделін арттыруды мақсат етті, – делі ол.

Нұркен Махашұлының айтуынша конкурстық қатысушыларға бірнеше міндет жүктелген. Олардың қатарында қылмыс пен құқық бұзушылықтың алдын алу, қоғамдық кеңестермен өзара іс-қимыл, тұрғындармен кері байланыс, отбасылық дау-жанжалдарды шешу, заң мен тәртіпті сақтау, бейнебақылау жүйесі бойынша және тізімдік есептегі тұлғалармен жұмыс, халыққа арналған құқықтық кеңес бұрышының ұйымдастырылуы және басқа міндеттер бар. Қатысушылар өз жұмыстарын бейне презентация, іс құжаттарын жинақтау, нақты мәлімет беру, фотосуреттер әзірлеу түрінде ұсынды.

Сонымен қатар конкурстық қатысушылар негізгі заңнамалық актілерді білуге тиіс. Бұған қоса, сынақ кезінде инспектордың арнайы жабықтар мен байланыс құралдарын қолдана алуы, бастапқы медициналық көмек көрсете білуі ескерілді. Оларға компьютерлік тестілеу бағдарламасы

және нәтижелерінің шекті мәндері бойынша талаптар қойылған. Әрине, дене шынықтыру және атыс даярлығы да сынаға түсті.

Инспекторлар бұл конкурстық белеңе қатысты деуге толық негіз бар. Олар конкурстың барлық ережесі мен шарттарын орындап шықты. Атап айтқанда, учаскелік полиция инспекторлары бейне түйінде-мелерін көрсетті, эссе жазды, нормативтік-құқықтық актілерді білуге компьютерлік тестілеуден өтті, ситуациялық міндеттерді шешуге қатысты, алғашқы медициналық көмек көрсетті, дене шынықтыру және қоян-қолтық ұрыс тәсілдері, атыс даярлығы бойынша бәсекелесті.

Конкурстың үздіктері ретінде полиция инспекторлары Азизжон Пайзиев пен Асхат Айдарбеков жиналғандар алдында бейне презентация көрсетті.

Конкурсты қорытындылаған аудан әкімінің уақытша міндетін атқарушы Нұрлан Несіпбеков конкурстың аудандық кезеңінде үздік шыққан учаскелік полиция инспекторы Пайзиев Азизжон Әшірбайұлына және көмелетке толмағандар ісі жөніндегі полиция инспекторы Айдарбеков Асхат Бақығұлына арнайы диплом мен бағалы сыйлығын табыстады. Конкурстың облыстық кезеңіне жолдама алған А.Пайзиев аудан тұрғындары атынан сәттілік тіледі.

БҮГІНГІ КҮН ТАҚЫРЫБЫНА

# ЕҢБЕК ҚАУІПСІЗДІГІНЕ КІМ ЖАУАПТЫ?

**Еңбек жағдайын жақсарту еңбек қауіпсіздігін жоғарылатып, сапасын және өнімділігін арттырады. Кәсіпкерлер бар күшін жазатайым оқиғалар мен кәсіби сырқаттарды болдырмау үшін салу керек. Жұмыс орындарында қауіп-қатерлерді болдырмау олардың маңызды мәселесі болып табылады.**

Еңбек жағдайы мен қауіпсіздігі мемлекеттік органдардың өкілі, жұмыс берушілер немесе қызметкерлер болса да, бірлесіп қызмет еткен адамдарға байланысты болады. Жазатайым оқиғаны болдырмау мақсатында жұмыс орындарында қауіпсіздік техникасын басқару және бақылау, үйлестіру, жоспарлау, шешетін мәселесі бар учаскелерді анықтау сияқты функцияларды жүзеге асыру қауіпсіздікті басқару дегенді білдіреді.

Бірақ, қазіргі таңда республикамыздың көптеген кәсіпорындары мен ұйымдарында қауіпсіздікті тиімді басқару мен еңбек гигиенасын сақтау жүйесі жасалмаған. Осыған және басқа да мәселелерге байланысты жыл сайын Қазақстан Республикасында 2,5 млн әйел және ер азамат еңбек қызметіне қатысты жазатайым оқиғаның құрбаны болып отыр.

Өндірістік жарақаттар мен қызметкердің денсаулығына еңбек міндеттерін атқарумен байланысты келтірілген өзге де зақымданулар не жұмыс берушінің мүддесі үшін өз бастамасы бойынша еңбекке қабілетсіздігіне не өлімге әкеп соққан басқа да әрекеттер жасалған жазатайым оқиғалар тексеріліп, есепке алынады.

Тергеп-тексеру барысында жарақаттар мен зақымданулардың:

1) зардап шеккен адамның өз бастамасы бойынша жұмыстарды немесе өзге де іс-әрекеттерді функционалды міндеттерін кірмейтін және жұмыс берушінің мүддесімен байланысты емес, оның ішінде вахталық әдіспен жұмыс істеу кезінде ауысымалық демалыс және тынығу мен тамақтануға арналған кезеңде, сондай-ақ алкогольдік мас болу, уытты және есірткі заттарды (олардың аналогын) пайдалану күйіне байланысты себеппен орындалған кезде;

2) өз денсаулығына қасақана (әдейі) зиян келтіру нәтижесінде немесе зардап шеккен адам қылмыс жасаған кезде;

3) зардап шеккен адам денсаулығының медициналық қорытындымен расталған, қауіпті және (немесе) зиянды өндірістік факторлардың әсерімен байланысты емес кенеттен нашарлауынан болғаны нақты анықталса, олар өндірістік жарақаттар және қызметкерлер денсаулығының өндірістегі өзге де зақымданулары ретінде ресімделмейді.

4) Әрбір жазатайым оқиға туралы зардап шеккен немесе оны көрген адам жұмыс берушіге немесе жұмыстарды ұйымдастырушыға дереу хабарлауға міндетті.

5) Өндірістегі жазатайым оқиғаларды тергеп-тексеруді ұйымдастыруға, ресімдеуге және тіркеуге жұмыс беруші жауапты болады.

Арнайы тергеп-тексерілуге тиіс жағдайларды қоспағанда, өндірістегі жазатайым оқиғаларды тергеп-тексеруді жазатайым оқиға болған



кезден бастап жұмыс берушінің актісімен жиырма төрт сағат ішінде құрылатын, мынадай құрамдағы комиссия жүргізеді:

төраға – ұйымның (өндірістік қызметтің) басшысы немесе оның орынбасары;

мүшелері – ұйымның еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау қызметінің басшысы және қызметкерлердің өкілі.

Жазатайым оқиға болған тиісті учаскедегі еңбек қауіпсіздігіне тікелей жауап беретін лауазымды адам тергеп-тексеруді жүргізу кезінде комиссия құрамына енгізілмейді.

Жазатайым оқиға болған жердегі тиісті учаскеде еңбек қауіпсіздігіне жауапты лауазымды тұлға тексеріс комиссиясы құрамына кірмейді.

Жұмыс берушінің – жеке тұлғаның өндірісіндегі жазатайым оқиғаны тергеп-тексеруге жұмыс беруші немесе оның уәкілетті өкілі, қызметкерлердің өкілі, жазатайым оқиғаны тергеп-тексеруге шарт негізінде де шақырылуы мүмкін еңбекті қорғау жөніндегі маман қатысады. Катерлі улану жағдайында комиссияның тергеп-тексеруіне халықтың санитарлық-эпидемиологиялық салауаттылығы саласындағы мемлекеттік органның өкілдері қатысады. Комиссияның жұмысына жұмыс берушімен немесе зардап шеккен адаммен тиісті шарттық қатынастары бар сақтандыру ұйымының өкілі қатысуға құқылы. Жазатайым оқиғаны тергеп-тексеру мерзімі комиссия құрылуынан бастап он жұмыс күнінен аспауға тиіс.

Өндірістік практикадан өтіп жүрген, жалпы білім беретін, кәсіптік мектептерде және жоғары оқу орындарында оқытқан адамдар жазатайым оқиғаны тергеп-тексеруді жұмыс берушінің және зардап шеккен адам өкілінің қатысуымен өз аумағында оқиға болған ұйымның басшысы құратын комиссия жүргізеді. Басқа ұйымның аумағында орналасып, жұмыс жүргізіп жатқан ұйымның қызметкері немесе өндірістік тапсырманы (қызметтік немесе шарттық міндеттерді) орындау үшін басқа ұйымға жіберілген қызметкер ұшыраған жазатайым оқиғаны тергеп-тексеруді аумағында жазатайым оқиға болған ұйымның жауапты өкілінің қатысуымен жұмыс берушінің өзі жүргізеді. Қызметкер қоса атқаратын жұмысын

орындау кезінде жазатайым оқиғаны жұмыс өз аумағында немесе соның тапсырмасы бойынша жүргізілген жұмыс беруші тергеп-тексереді және есепке алады. Әрбір өндірістегі жазатайым оқиғаны тергеп-тексеру кезінде комиссия оқиға куәгерлерін, еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жөніндегі талаптардың бұзылуына жол берген адамдарды анықтайды және олардан жауап алады, жұмыс берушіден қажетті ақпарат және мүмкін болса, зардап шеккен адамнан түсініктеме алады. Жиналған құжаттар мен материалдар негізінде комиссия жазатайым оқиғаның мән-жайлары мен себептерін анықтайды, жазатайым оқиғаның жұмыс берушінің өндірістік қызметімен байланысын және тиісінше, зардап шеккен адамға оқиға орнында өзінің еңбек міндеттерін орындауына байланысты болуы түсіндірілгенін анықтайды, жазатайым оқиғаны өндірістегі жазатайым оқиға ретінде немесе өндіріспен байланысты емес жазатайым оқиға ретінде саралайды, еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау талаптарының бұзылуына жол берген адамдарды анықтап, өндірістегі жазатайым оқиғалардың себептерін жою және алдын алу жөніндегі шараларды белгілейді.

Қызметкердің (қызметкерлердің) еңбекке қабілеттілігін жоғалтуына әкеп соққан өндіріспен байланысты әрбір жазатайым оқиға медициналық қорытындыға (ұсынымға) сәйкес еңбек жөніндегі уәкілетті орган белгілеген нысан бойынша жазатайым оқиға туралы актімен қажетті данасы жасалып (әрбір зардап шеккен адамға жеке-жеке) ресімделеді.

Жазатайым оқиға туралы акт толтырылып, оған еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау қызметінің және ұйым бөлімшесінің басшылары, сондай-ақ ұйым қызметкерлерінің өкілдері қол қояды және оны жұмыс беруші бекітіп, ұйымның мөрімен расталады.

Улану жағдайларында жазатайым оқиға туралы актіге халықтың санитарлық-эпидемиологиялық салауаттылығы саласындағы мемлекеттік органның өкілі де қол қояды.

Егер жұмыс беруші жеке тұлға болса, жазатайым оқиға туралы акт толтырылып, оған жұмыс беруші қол қояды және нотариалды түрде расталады. Акт тергеп-тексеру

материалдарына сәйкес ресімделуге тиіс.

Егер өндірістегі жазатайым оқиғаны тергеп-тексеру кезінде комиссия зиянның туындауына немесе ұлғаюына өрескел абайсыздық себеп болғанын анықтаса, онда комиссия тараптардың аралас жауапкершілігін қолданып, қызметкер мен жұмыс берушінің кінәсін процентпен айқындайды.

Егер жазатайым оқиғаны тергеп-тексеру жөніндегі комиссияның бір мүшесі комиссияның (көпшіліктің) қорытындысымен келіспейтін болса, ол өзінің дәлелді пікірін тергеп-тексеру материалына қосу үшін жазбаша түрде ұсынады. Ол арнайы тергеп-тексеру актісіне «ерекше пікірге қара» деген сілтеме жаза отырып, қол қояды.

Әрбір жазатайым оқиғаны тергеп-тексеру аяқталғаннан кейін жұмыс беруші үш күннен кешіктірмей зардап шеккен адамға немесе оның сенімді адамына жазатайым оқиға туралы актіні беруге міндетті, актінің бір данасы жұмыс берушімен тиісті шарттық қатынастары бар сақтандыру ұйымына, ал екіншісі мемлекеттік еңбек инспекциясына қағаз және электронды жеткізгіште жіберіледі.

Улану жағдайында актінің көшірмесі халықтың санитарлық-эпидемиологиялық салауаттылығы саласындағы мемлекеттік органға да жіберіледі.

Жазатайым оқиғаларды тергеп-тексеру, ресімдеу және тіркеу мәселелері бойынша жұмыс берушінің, қызметкердің және мемлекеттік еңбек инспекторының не қауіпті өндірістік объектілерде болған оқиғалар кезінде өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы мемлекеттік қадағалау жөніндегі мемлекеттік инспектордың арасында туындаған келіспеушіліктерді тиісті жоғары тұрған бас мемлекеттік еңбек инспекторы бағыныштылық тәртіппен қарайды және (немесе) сот тәртібімен қаралады.

Жазатайым оқиғаны тергеп-тексеру материалдары ұйымда қырық бес жыл бойы сақталуға тиіс, ұйым таратылған жағдайда жазатайым оқиғаны тергеп-тексеру материалдары міндетті түрде сол ұйым жұмыс істеген жердегі мемлекеттік мұрағатқа тапсырылуға тиіс.

Өндірістегі жазатайым оқиғаны тергеп-тексеру материалдарында тергеп-тексеру актісімен қатар:

1) зардап шеккен адамның еңбекті қорғау жөнінде оқығаны және нұсқама алғаны, сондай-ақ алдын ала және мерзімдік медициналық тексерулерден өткені туралы мәліметтер;

2) еңбек жөніндегі уәкілетті мемлекеттік орган белгілеген нысан бойынша жауап алу хаттамалары және оқиға куәгерлерінің, сондай-ақ еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау талаптарының сақталуына жауапты лауазымды адамдардың түсініктемелері;

3) оқиға болған жердің жоспарлары, схемалары мен фотосуреттері;

4) еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау талаптарын регламенттейтін нұсқаулықтардан, ережелерден, бұйрықтардан және басқа да актілерден үзінді көшірмелер, өндірістегі салауатты және қауіпсіз еңбек жағдайларын қамтамасыз етуге жауапты лауазымды адамдардың міндеттері және басқалар;

5) зардап шеккен адамның денсаулығына келтірілген зақымның сипаты мен ауырлығы (өлімге әкеп соққан себеп) туралы медициналық қорытынды;

6) зертханалық және басқа зерттеулердің, эксперименттердің, сараптамалардың, талдаулардың нәтижелері және тағы сол сияқтылар;

7) бас мемлекеттік еңбек инспекторының қорытындысы (егер бар болса);

8) жұмыс берушіге келтірілген материалдық залал туралы мәліметтер;

9) жұмыс берушінің зардап шеккен адамға (отбасы мүшелеріне) оның денсаулығына келтірілген зиянды өтеу және жол берілген оқиғаға кінәлі лауазымды адамдарды жауапкершілікке тарту туралы бұйрығы;

10) қоса берілген құжаттардың тізбесі болуға тиіс.

Зардап шеккен адам немесе қызметкерлердің өкілі жазатайым оқиғаны тергеп-тексерудің бүкіл материалдарымен танысуға және қажетті үзінді көшірмелер жасауға құқылы. Қазақстан Республикасының Еңбек заңнамасының осы бөлімі заңнаманың негізін қалайтын бөлімі болып табылатынын ескеру керек, бұл бөлім залалды өтеу мәселесін қарастыру кезінде, өндірістегі жазатайым оқиға барысында зақымданған қызметкерлердің әлеуметтік қорғанысын қамтамасыз етеді.

Жазатайым оқиғалардың дұрыс, уақтылы тергеп-тексерілуі мен есепке алынуын, сондай-ақ мұндай оқиғаларды туындатқан себептерді жою жөніндегі іс-шаралардың орындалуын бақылауды мемлекеттік еңбек инспекторлары өз қызметтерінің шегінде тексерулер жүргізу, азаматтардың шағымдарын, арыздары мен өтініштерін қарау және ұйымдарды тексеру арқылы жүзеге асырады.

Қорытындылай келсек, соңғы кезде жұмыс берушілермен жазатайым оқиға туралы хабарды жысыру оқиғалары анықталған. Осындай фактілер анықталған кезде Қазақстан Республикасының әкімшілік құқық бұзушылық кодексіне тиісті әкімшілік айыппұл салу жауапкершілігі белгіленген.

Құқық бұзушылық кезінде қызметкерлер жазбаша түрде Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің Мемлекеттік еңбек инспекциясы комитетінің Жамбыл облысы бойынша департаментіне жүгінуіне болады.

**Айдын БИБОЛ,  
Жамбыл облысы бойынша  
мемлекеттік еңбек инспекторы.**

ХАБАРЛАНДЫРУ

2025 жылдың 3 қыркүйегінде сағат 16.00-де Жамбыл ауданы, Шәкен Ниязбеков ауылы, Ж.Жантөліұлы көшесі 25А мекенжайында (Ө.Ысмайылұлы атындағы орта мектеп ғимаратында) Жамбыл облысы Жамбыл ауданындағы Бесжылдық құм-қиыршық тас кен орнын игерудің тау-кен жұмыстарының жоспарына арналған ықтимал әсер ету туралы есеп жобасына және сол күні сағат 16.30-да экологиялық рұқсат алуға арналған материалдарына қоғамдық тыңдаулар өткізіледі.

Бастамашы: «Таласстроймат» ЖШС, мекенжайы: Тараз қаласы, Жібек жолы ауданы, Абылай хан қиылысы 4, 24А, БСН 131140015298, тел.: 87010523043, Talasstroimat2025@mail.ru.

Өзінрлеуші: ЖК Сыдыкова Н., мекенжайы: Шымкент қаласы, Қ.Төлеметов көшесі. 69/37-35, тел.: 87014438900, nurzhamal-sydyko@mail.ru.

Жобалық құжаттамамен танысу ndbecology.gov.kz, <https://www.gov.kz/memleket/entities/>

zhambyl-tabigat?lang=kk қарауға және қосымша ақпаратты 87014438900, nurzhamal-sydyko@mail.ru арқылы алуға болады. Ескертулер мен ұсыныстар ақпараттық жүйе ndbecology.gov.kz қабылданады.

Онлайн Qosul-дағы кездесуге қосылу: <https://meet.qosul.kz/meeting?room=962614947353>. Идентификатор кездесулер: 962-614-947-353.

Кен орнының және әсер ету аймағының географиялық координаттары: 43° 1'54", 71° 18' 28".

Мүдделі жұртшылық қоғамдық тыңдауларға шығарылатын құжаттар бойынша және қоғамдық тыңдаулардың жарияланған хаттамасы бойынша жазбаша немесе электрондық нысанда «Жамбыл облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы» КММ-не мына мекенжай бойынша өз ескертулері мен ұсыныстарын жібере алады: Тараз қаласы, Абай көшесі, №133а үй, s.agabek@zhambyl.gov.kz, тел.: 8 (7262) 45-45-78.

ОБЪЯВЛЕНИЕ

3 сентября 2025 года в 16.00 часов по адресу: Жамбылский район, село Шакен Ниязбекова, улица Ж.Жантөліұлы 25А (здание СШ им. А.Исмаилова) проводятся общественные слушания по проекту «Отчет о возможных воздействиях» и 03.09.2025 г., в 16.30 по материалам для получения экологического разрешения для Плана горных работ на разработку Бесжилдыкского месторождения песчано-гравийной смеси в Жамбылском районе Жамбылской области.

Инициатор: ТОО «Таласстроймат», адрес: г.Тараз, р-н Жібек жолы, переулок Абылай хан 4, 24 А, БИН 131140015298, тел.: 87010523043, Talasstroimat2025@mail.ru.

Разработчик: ИП Сыдыкова Н., адрес: г. Шымкент, ул. К.Төлеметова, 69/37-35, тел.: 87014438900, nurzhamal-sydyko@mail.ru.

С пакетом проектной документации можно ознакомиться на портале ndbecology.gov.kz, <https://www.gov.kz/memleket/entities/zhambyl-tabigat?lang=kk>.

Дополнительную информацию

можно получить по номеру и эл.адресу: 87014438900, nurzhamal-sydyko@mail.ru, а также замечания и предложения принимаются на информационной системе ndbecology.gov.kz.

Ссылка на онлайн подключение Qosul: <https://meet.qosul.kz/meeting?room=962614947353>. Идентификатор встречи: 962-614-947-353.

Географические координаты участка и территории воздействия: 43° 1'54", 71° 18' 28".

Заинтересованная общественность может направить свои замечания и предложения в письменной или электронной форме по документам, выносимым на общественные слушания и по опубликованному протоколу общественных слушаний в КГУ «Управление природных ресурсов и регулирования природопользования Жамбылской области» по следующему адресу: г.Тараз, ул. Абая, дом № 133-а, s.agabek@zhambyl.gov.kz, тел.: 8 (7262) 45-45-78.

ИГІЛІКТИ ІС

## БАЛАЛАРҒА ҚУАНЫШ СЫЙЛАДЫ

Ауылдық жерлердегі әлеуметтік нысандарды жаңарту – қоғам дамуының маңызды бағыттарының бірі. Осы мақсатта Жаңа Жамбыл фосфор зауытының басшылығы Ақбастау ауылдық округіне қарасты Бірлесу-Еңбек және Шоқай ауылдарындағы екі ойын алаңын толықтай жөндеу, балаларға қуаныш сыйлады. Жөндеу жұмыстары нәтижесінде ойын алаңдарының жабдықтары жаңартылып, қауіпсіздік шаралары күшейтілді.



Аружан КҮНТУБАЙ

Бұл игі бастамаға аталмыш серіктестіктің бас директоры А.Алиев тікелей қолдау көрсетіп, техникалық директор Н.Тұрымбетов жобаны үйлестірді. Сонымен қатар, өндіріс ұжымдары да белсенді атсалысты. Атап айтқанда, 17-цехтың бастығы Д.Байұзақов және 16-цехтың бастығы Г.Айнақұлов еңбегімен ерекше көзге түсті.

Жөндеу жұмыстарына үлес қосқан еңбеккер қызметкерлердің қатарында Ж.Рахмашев, Ж.Рахманбердиев, Д.Саржанов, Н.Сейдалы, М.Тажибаев, Ғ.Сексенбаев, Ғ.Садыхов, Ж.Тұрсын, Д.Абиханов, Ғ.Жабатаев, С.Тарасова, К.Омбаева, Н.Сугирбеков бар.

Ауыл тұрғындары мен ата-аналар балалардың бос уақытын тиімді өткізуіне мүмкіндік беретін алаңдардың жаңартылғанына ризашылықтарын білдірді. «Балаларымыздың қауіпсіз әрі заманауи ойын алаңында ойнауы – біз үшін үлкен қуаныш. Жөндеу

жұмыстарын сапалы орындап берген серіктестік басшылығына және барлық еңбеккерлерге алғыс айтамыз», – деп ауыл ақсақалдары мен аналар өз ықыластарын жеткізді.

Ойын алаңдары заманауи талаптарға сай етіп қайта жасакталды: өткеншектер, сырғанақтар мен спорттық тренажерлер орнатылды, қоршаулар мен орындықтар жаңартылды. Бұл – ауыл балаларының денсаулығын нығайтып, бос уақытын тиімді өткізуіне мүмкіндік береді.

Қуанарлығы, зауыт соңғы жылдары ауылдық жерлерді дамытуға бағытталған бірқатар игі істерді атқаруда. Бұған дейін білім беру мекемелеріне қажетті жабдықтар жеткізіп беру, азаматтарға көмек көрсету, ауылды көгалдандыру және жолдарды жөндеуге демеушілік

жасау сияқты әлеуметтік жобаларды жүзеге асырған. «Қоғамның дамуы тек өндіріс табысына ғана емес, әлеуметтік қолдау мен халықтың әл-ауқатына да байланысты» деген ұстанымды ұжым әрдайым алдыңғы орынға қояды.

Ақбастау ауылдық округінің әкімі Нұрсұлтан Дүзеева: «Біздің ауылымыз үшін бұл – үлкен қуаныш, маңызды оқиға. Балалардың алаңсыз ойнап, қауіпсіз ортада уақыт өткізуіне мүмкіндік жасау – кез келген қоғамның басты міндеті. Ойын алаңшаларын жаңартуға атсалысқан әрбір қызметкерге ауыл әкімдігі атынан зор алғыс айтамын. Бұл тек ойын алаңы ғана емес, болашағымыз – жас ұрпаққа жасалған қамқорлықтың белгісі», – деді демеушілік жасаған жомарт жандарға ризашылығын білдіріп.

Соңы. Басы 1-бетте

## ТОСЫН СӘТКЕ – ТОСҚАУЫЛ ДАЙЫНДЫҚПЕН

Алғашқылардың бірі болып іске кіріскен аудандық орталық ауруханасының дәрігерлері мен фельдшерлері шұғыл түрде санитарлық көліктер арқылы «зардап шеккендерге» алғашқы медициналық көмек көрсетті. Медициналық персоналдың кәсібилігі, шапшаңдығы мен нақты әрекеттері бұл салада да дайындықтың жоғары деңгейде екенін көрсетті.

Неб өрт сөндіру бөлімі тиісті арнайы техникамен белгіленген аумаққа уақтылы жетіп, өрттің алдын алу және қауіпсіздік шараларын жүргізу бағытында белсенді жұмыс атқарды. Сонымен қатар, инженерлік қызмет мамандары тарапынан электр желілері, газ жүйелері, байланыс

инфрақұрылымдары жіті тексеріліп, ақауларды жою бойынша нақты техникалық шаралар қабылданды. Бұл жұмыстарға «ҚазТрансГаз Аймақ» АҚ, «Қазателком» АҚ және аудандық электрмен жабдықтау мекемелері жұмылдырылды.

Қоғамдық тәртіпті сақтау мақсатында аудандық полиция қызметкерлері көшелерде тәртіпті қадағалап, эвакуация тәртібін ұйымдастырды. Тұрғындар арасында түсіндіру жұмыстары жүргізіліп, сабырлы және тәртіпті әрекет етуге шақырылды.

Эвакуациялық іс-шаралар жалғасы ауданға қарасты Қаракемер ауылдық округіндегі «Қарабөгет»

эвакуациялық алаңында жүргізілді. Аталған алаң төтенше жағдайда халықты қауіпсіз аймаққа көшіруге толық бейімделген және қажетті инфрақұрылыммен жабдықталған. Мұнда эвакуацияланған тұрғындарға алғашқы көмек көрсетіліп, уақытша орналастыру шаралары іске асырылды.

Оқу-жаттығуға 12 шұғыл әрекет ету тобы, 40-қа жуық маман, 10 арнайы техника тартылды. Барлық құрылымдар өзара үйлесімді байланыс орнатып, қойылған тапсырмаларды уақтылы әрі сапалы орындады. Аудандық азаматтық қорғау штабы оқу-жаттығуды жалпы үйлестірумен қатар, облыстық басқармалармен тұрақты ақпарат алмасып отырды.

ДЕНСАУЛЫҚ

## ҚҰТЫРУДАН САҚТАНУДЫҢ ЖОЛЫ ҚАНДАЙ?

Адам өміріне аса қауіпті жұқпалы аурулар қатарында тұрған құтыру – бүгінгі күннің өзекті мәселелерінің бірі. Бұл ауру туралы жан-жақты ақпарат әрбір азамат үшін маңызды, себебі дер кезінде алдын алмаса, құтыру қайғылы жағдаймен – өліммен аяқталады.

Құтыру (латынша Rabies) – жіті өтетін, 100 пайыз өлімге әкелетін вирустық инфекциялық ауру. Аурудың қоздырғышы – Rabies вирусы (Lyssavirus тобы). Бұл вирус адамға көбінесе жабайы немесе үй жануарларының тістеуі, тырнауы немесе сілекейі арқылы жұғады. Дәлірек айтқанда, жануардың тістеу нәтижесінде жаракатталған теріге сілекей арқылы; жараға олардың тырнауы немесе сілекейі; вирусты сілекейдің көз, ауыз, мұрын кілегей қабатына түсуі арқылы енеді.

Ауру белгілеріне келсек, инкубациялық кезең – 10 күннен 1 жылға дейін (орта есеппен 1-3 ай). Ауырған адамда жалпы әлсіздік, бас ауруы, дене қызуының көтерілуі; тістелген жерде ашу, қышыну, шаншу сезімі сияқты алғашқы белгілер пайда болады. Ал негізгі белгілеріне су

ішуден қорқу (гидрофобия); жарық пен дыбыстан қорқу; козу, үрей, агрессия, елестеулер жатады. Аурудың соңғы сатысы – салдану, тыныстың тоқтауы және өлім.

Құтыру – толығымен алдын алуға болатын, бірақ ешқашан емделмейтін ауру. Сондықтан төмендегі сақтық шараларын ұстану аса маңызды:

- үй жануарларына (ит, мысық) жыл сайын құтыруға қарсы вакцина салдыру;
- иттерді қараусыз бос жібермеу, бақылауда ұстау;
- жабайы жануарлармен байланысқа түспеу;
- тістеген немесе сілекей тиген жағдайда жараны сабындап, ағынды сумен жақсылап жуу және дереу дәрігерге қаралу;
- учаскелік медициналық мекемеден антирабиялық вакцина алу.

Вакцинация кестесі: 0, 3, 7, 14 және 28-күндері. Кей жағдайларда антирабиялық иммуноглобулин де егіледі.

Вакцина кеш басталса немесе толық курс жүргізілмесе, өлім қаупі өте жоғары болады. Сондықтан мамандар кенесіне құлақ асқан жөн.

Құтырудың алдын алуға ең басты қадам – уақытты жоғалтпау. Жануар тістеген немесе сілекей тиген кез келген жағдайда бірден медициналық мекемеге жүгіну – өміріңізді сақтап қалатын шешім болуы мүмкін.

Ата-аналарға, үй жануарын асырайтын тұрғындарға, әсіресе ауылдық жерлерде тұратын азаматтарға бұл тақырып ерекше маңызды. Себебі аурудың негізгі көзі – адаммен тығыз байланыста болатын жануарлар.

Өзіңізді және жақындарыңызды құтыру дертінен қорғау – әр адамның жеке жауапкершілігі.

**Ғабит ӘБДІЛДА,**  
аудандық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасының басшысы.

АБАЙ ҚҰНАНБАЙҰЛЫ – 180

Ұлы Абайдың шығармалары – қай кезеңде де қазақ халқы үшін өмір оқулығы, тәрбие мектебі. Ақынның өз сөзімен айтсақ, «Адамның адамшылығы – ақыл, ғылым, жақсы ата, жақсы ана, жақсы құрбы, жақсы ұстаздан болады».

## Тұлғалық қасиет ұлы ойшылдан тарайды

Біз бұл сөздерді бүкіл халық болып ақынның 180 жылдығын атап өтіп отырған тұста жиі қайталап жүрміз. Солай болуға тиіс. Өйткені қазіргі қоғамда халық арасында Абай шығармаларындағы эстетикалық талғам мен тұлғалық қасиетті кеңінен насихаттау, өскелең ұрпақты ұлы ақын поэзиясына, ұлттың рухани мұрасына деген сүйіспеншілікке тәрбиелеу өмірлік міндет болып табылады.

Ұлтымыздың ұлы ойшылы, философ, қазақ әдебиетінің ұлы тұлғасы Абай атамның өлеңдері мен қара сөздері, өлмес өсиеттері мен бар адамның талабына қанат байлаған ұлағатты лебіздері әлдеқашан алтын қорымызға енген. Ұлы ойшыл қалдырған мол мұраның әлемдік деңгейдегі мәдениет үшін де маңызы зор. Қаншама жыл өтсе де, ақынның адамгершілік қағидаттары әлі күнге дейін қазақ халқының рухани кемелденуіне жол көрсетіп келеді. Жұрттымыз үшін өлшеусіз еңбек жасаған ұлы Абайдың шығармалары барлық

салада – оқу-ағарту ісінде, әдебиет пен мәдениетте, заң саласында маңыздылығын жоймақ емес.

Абайдың поэзиясына, көркем әлеміне үңілген адамның жаны тебіренеді, сезім көкжиегі кеңейеді, өз болмысын шындап сезінеді. Шынайы шеберлік биігінде тұрған танымды туындылары жүрекке жол ашады, тазалық пен сұлулыққа, пәктік пен асқақтыққа құштар етеді. Ақынның эстетикалық талғамы әрбір шығармасынан байқалып, ізгілік пен қайырымдылықтың, рақымдылық пен кішіпейілдіктің негізін қалайды.

Абай атамның «Ақыл, қайрат, жүректі бірдей ұста, Сонда толық боласын елден ерек» деген өсиетін санаға түйіп өскен есті ұрпақ ешқашан қор болмасы анық. Абай әлемі – адамзаттың асыл қазынасы, рухани әлемі болып қала береді.

**Дамира БЕРКІМБАЕВА,**  
Жамбыл аудандық қазынашылық басқармасы басшысының орынбасары.

**АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ САНАҒЫ**

**1-3 тамыз**  
онлайн кезең

Егер сіз ауыл шаруашылығы өнімінің өндірісін болсаңыз, sanaq.gov.kz сайты арқылы санақтан өтіңіз

**Қатысудың маңызы:**

- Аграрлық саланы қолдау үшін маңызды деректер жиналады
- Ауыл шаруашылығын дамытуға үлес қосасыз

sanaq.gov.kz  
Барлық сұрақ бойынша: 1446

САҚТАНСАҢ – САҚТАЙДЫ

## ҚАУІПСІЗДІК ЕРЕЖЕЛЕРІН ҰМЫТПАЙЫҚ

Жаз маусымы басталысымен еліміздің түкпір-түкпірінде балалардың ашық терезеден құлап кету деректері жиілей түсуде. Бұл – қазіргі қоғамда аса өзекті мәселелердің бірі. Осындай қайғылы жағдайлардың алдын алу мақсатында елімізде «Қауіпсіз терезе» атты әлеуметтік акциялар ұйымдастырылуда.

Аталған шараның негізгі мақсаты – ата-аналар мен қамқоршылардың назарын балалардың терезеден құлау қаупіне аудару, сондай-ақ алдын алу шаралары туралы кеңінен ақпарат тарату. Себебі мамандардың айтуынша, мұндай оқиғалардың көпшілігі ересектердің тарапынан қауіпсіздік талаптарын сақтамауынан туындайды. Психологтар мен тәрбиешілердің пікірінше, балалар – табиғатынан зерттеуге құмар, қызығушылығы жоғары жаратылыс. Олар үшін ашық тұрған терезе жай ғана желдеткіш емес, сырттағы әлемге апарар жол секілді көрінеді. Өкінішке қарай, осы бір бейкүнә талпыныс көп жағдайда ауыр жаракатпен немесе орны толмас қайғымен аяқталып жатады.

Статистикалық деректерге көз жүгіртсек, әсіресе жаз мезгілінде балалардың терезеден құлау деректері артып, әр жыл сайын ондаған бала ауруханаға ауыр халде жеткізіледі. Кейбір жағдайларда бұл оқиғалар өмірмен қоштасумен аяқталып жатқаны жан ауыртады. Осыған байланысты мамандар мен құқық қорғау органдары

тұрғындарға төмендегідей қарапайым, бірақ аса маңызды қауіпсіздік ережелерін сақтауды ұсынады:

- терезелерге арнайы қорғаныш тор орнату;
- терезе тұтқаларына құлып салу немесе қауіпсіздік кілтін пайдалану;
- балаларды терезе маңындағы жиһаздар мен терезе алдына шығуға итермелейтін заттардан алшақ ұстау;
- Ата-аналар мен тәрбиешілерге арналған түсіндіру жұмыстары, брошюралар тарату, ақпараттық роликтер көрсету арқылы «Қауіпсіз терезе» акциясы кең аумақта жүзеге асуда. Балалар өмірі баға жетпес байлығымыз екенін естен шығармай, әрбір отбасы баласының амандығы үшін жауапты екенін түсінгені жөн.

Себебі бір сәттік салғырттық бүкіл ғұмырлық өкінішке айналуды мүмкін. Балаларымыздың қауіпсіздігі еркіндігіміздің қырағылығымыз бен жауапкершілігімізге тікелей байланысты екенін ұмытпайық.

**Ертай БОЗЫМБЕКОВ,**  
Аса ауылдық округі әкімі аппаратының бас маманы.

Жамбыл аудандық «Шұғыла-Радуга» газеті редакциясының ұжымы аудандық аумақтық сайлау комиссиясының төрағасы **Далабаев Серік Ералыұлының** мезгілсіз қайтыс болуына байланысты марқұмның туған-туыстарына, жақындарына қайғыларына ортақтасып көңіл айтады.



МЕНШІК ИЕСІ:  
«Шұғыла-Радуга» газеті редакциясы» ЖШС

Бас редактор:  
Нұрасыл СҰЛТАНБАЕВ

Қабылдау бөлмесі: 2-17-98  
Бас редактормен тікелей байланыс: 87765549701

Бас редактордың орынбасары:  
Тілшілер:  
Дизайнер-теруші:  
Бас редактордың орынбасары:  
Тілшілер:

Максат ЖҰМАБАЕВ  
Аружан КҮНТУБАЙ  
Ғалия АЛИЕВА

87059774177  
87002642761  
87075853423

Газет ҚР Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінде  
07.10.2021 жылы қайта тіркелген.  
Тіркеу күзлігі №КЗ877ҰҰ00041240

Редакция авторлардың көзқарасы, жарнама мазмұны үшін жауап бермейді. Жарияланбаған хатқа жауап қайтарылмайды.

Газет «Шұғыла-Радуга» газеті редакциясында компьютерде теріліп, беттелген. Қалыбы «Салық тәртібі» ЖШС-нде жасалып, көбейтілді. 080012, Тараз қаласы, Төле би көшесі 36 б.

Таралымы 2810 Тапсырыс №421

Нөмірдің кезекшісі: Максат ЖҰМАБАЕВ

Газет аптасына 2 рет, сәрсенбі, жұма күндері шығады. Газета выходит 2 раза в неделю, в среду и пятницу.

Индекс: 68991

Электронды пошта:  
sugyla@bk.ru

Біздің мекенжайымыз:  
Индексі 080200, Аса ауылы,  
Абай көшесі 78-үй.